

Өзен



№11 (68) қараша 2021 жыл

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



ҚҰТТЫҚТАУ



Құрметті әріптестер!

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының еңбек ұжымы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Маңғыстау мұнайының 60 жылдық мерейтойына 400-миллионшы тонна мұнайды тарту етіп отыр. Бүгінгі рекордтық көрсеткішті-ардагерлер мен мұнай-газ саласында еңбек етіп жүрген жандардың, жалпы қазақ халқының ортақ жетістігі деп есептеймін. Осы жеңістің астарында адам еңбегі, қажырлы күш, айқын мақсат пен өз жұмысына берілген еңбекқор жандардың ұстанымы жатыр. Сан жылдар бойы мұнай саласындағы білімді, әрі тәжірибелі мамандар алға қойған міндетті орындап, күрделі мәселенің шешімін дер кезінде тауып, жүктелген жауапкершілікті абыроймен атқарып келеді.

400 миллионшы тонна мұнай өндірілген күн - үлкен тари-

хи сәт екені сөзсіз. Бұл табысқа жету жолында «қара алтынды» барлау және өндіруге, тасымалдауға атсалысып жүрген барлық маман иелерінің маңдай тері мен жанкештілігі жатыр. Өндірілген мұнай әрбір маманның аса жауапкершілік пен адал еңбегінің арқасында жүзеге асырылғаны сөзсіз.

Баршаңызды ортақ жеңісімізбен құттықтай отырып, компания бас директоры ретінде әрқайсыңызға шексіз алғысымды білдіремін.

Бұл көрсеткіш компания бағының көтеріліп, баянды істері, жемісті табыстары, жақсылығы көп жаңа кезеңінің басталғанының куәсі.

Бүгінгі ерлік-сабыр, бүгінгі елдік-тыныштық! Ел аман, жұрт тыныш болғай! Жеңісті күндеріміз көп болсын!

Құрметпен, «Өзенмұнайгаз» АҚ
бас директоры Есен Өтеев

«Өзенмұнайгаз» АҚ 400 миллионшы тонна мұнай өндірді!

«Өзенмұнайгаз» АҚ 400-ші миллион тонна мұнай өндіріп, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Маңғыстау мұнайының 60 жылдығы мерекелеріне орай керемет тарту жасады.

Өзен кенорны мұнай қоры жөнінен Қазақстанда ірі кен орынның бірі болып табылады.

Бұл кенорынның геологиялық құрылымы өте күрделі, мұнайының құрамы парафинді және асфальтті-шайырлы компоненттері көп болып танылады.

1961жылы «Өзен» кенорны ашылып, 1964-жылы «Өзен» мұнай кәсіпшілігі құрылды. Оның алғашқы басшысы болып даңқты мұнайшы Рахмет Өтесінов тағайындалды. 1975-жылы 16,3 млн. тонна мұнай өндіріп, рекордтық деңгейге көтерілді.

«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Есен Өтеев «Мұнай өндірудегі рекордтық көрсеткішке қол жеткізу - ардагерлер мен мұнай-газ саласында еңбек етіп жүрген әрбір мұнайшының жетістігі деп есептеймін. Бұл үлкен ұжымдық жұмыс, бірнеше мамандық иелерін бір арнаға тоғыстырған еңбек. Бұл жеңіске жету «қара алтынды» барлау және өндіруге атсалысып жүрген барлық маман иелерінің маңдай тері мен жанкештілігі жатыр. Өндірілген мұнай әрбір адамының адал еңбегінің арқасында жүзеге асырылғаны сөзсіз»-деді.

Акционерлік Қоғамның шикізат базасына «Өзен» және «Қарамандыбас» мұнай және газ кен орындары, сонымен қатар «Батыс Теңге», «Тасболат», «Ақтас», «Оңтүстік Жетібай» газконденсатты кен орындары кіреді.

Қазіргі таңда «Өзенмұнайгаз» АҚ еңбек ұжымында 9 182 адам, қосымша мұнайсервистік және сервистік ұжымдарда жалпы саны 4 945 адам жұмыс істейді.

1991-жылдан 05.11.2021жылға дейін ОМГ – 153,2 млн тонна мұнай және 7,1 млрд. м3 ілеспе газын және 1 млрд м3 астам табиғи газын өндірді.

2020-жылы мұнай өндіру көлемі 5,341 млн тоннаны құрады, аталған көрсеткіш ОПЕК+ аясында мұнай өндіруді қысқарту келісіміне сәйкес орындалды.





Құрмет



Азаматтар марапатталды

Жаңаөзен қаласының әкімі М.О.Ибағаров, Жаңаөзен қаласы Мәслихатының төрағасы Тимур Мусаев «Өзенмұнайгаз» АҚ бас ғимаратының мәжіліс залында мәслихат депутаттарының шешімімен шыққан қаулысын жеткізді.

Қаламыздың көркеюіне, жастар тәрбиесі мен білім деңгейінің көтерілуіне, сондай-ақ жұмыспен қамту мәселелерінің шешілуіне сүбелі үлестерін қосқан «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының орынбасарлары Бауыржан Сайлаубайұлы Мамбетсапаев пен Сәбит Абзалұлы Алибаевқа «Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы» мәртебелі есімін табыс етті.

Қала әкімі Мақсат Ибағаров аталған азаматтарды жоғары марапаттарымен құттықтап, сіңірген еңбектерін ерекше атап өтіп, ризашылығын білдірді. «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Есен Өтеев Жаңаөзен қаласының басшылығына ұжым атынан алғысын айтып, компаниямыздың алдағы уақытта да қаламыздың дамып, өркендеуіне атсалысатындығын жеткізді.

Жастар мемлекеттік рәміздерді құрметтейді



«Өзенмұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен Қызылсай аулының арғы жағындағы Көшпе бұлақ деген жерде мемлекеттік рәміздерге арналған шара өтті. Жастар Қазақстан туында бейнеленген қыранның қасиетімен жақын танысып, мемлекеттік рәміздердің қадыр-қасиетін ұғыну мақсатында шараға қатысқан бүркітшілердің әңгімесін тыңдап, бүркіттің шырға тартып, қоян аулағанының куәсі болды. Қызылсай аулының тұрғыны, жас бүркітші Жеңісхан Бақболатұлы жігіттердің сұрақтарына жауап беріп, өзі баптап жүрген бүркіттің ерекшелігі туралы сыр шертті...

«Ұл болып, содан құл болып,
Біраз жыл естен таныппыз.
Құл болып, одан гүл болып,
Қайтадан өнген халықпыз!»-деп Қадыр Мырзалиев жырлағандай қазақ елін әлемге тәуелсіз мемлекет ретінде танытқан мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарау-әрбір қазақтың парызы екені хақ. Ылайым, туымыз тұғырлы, еліміз ғұмырлы болғай!

Ауған соғысы ардагерлері қалғымайды

Қаламыздағы Ауған соғысы ардагерлер қоғамының төрағасы Сәтбай Құлсариев пен ауған соғысы ардагері Аманқос Еділов қазақ елінің тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтой қарсаңында колледж студенттерімен кездесу ұйымдастырды. Интернационалдық борышын өтеп қайтқан жігіт ағалары өскелең ұрпаққа ақыл-кеңестерін айтып, олардың сұрақтарына жауап берді.

«Ауғандықтар» қамқөңіл өнерлі балалардың қатысуымен концерттік бағдарлама ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Олар қала әкімі қабылдауында болып, мереке аясында берілген қала басшысының марапатына ие болды. Шара соңы «дөңгелек үстел» форматында өткен әңгімелесуге ұласып, ардагерлер қала инфрақұрылымын дамыту, жастар саясаты туралы өзекті проблемаларды талқылады.

Аталған қоғам төрағасы Сәтбай Құлсариев ұрпақ ұмытпас үшін, Ауған соғысында қайтыс болған қызылсайлық Ахмет Қолдасбаевтың ескерткішін орнатуға көмек қолын созған өзенмұнайгаздық мұнайшыларға шексіз алғысын білдіре отырып, «Солақай саясат кесірінен болған аты өшкір зұлмат соғыс тарих бетіне көшіп, алыстағанымен көңілден кетіп, жүректерден өшкен жоқ...Өскелең ұрпақ соғысты көрмесін. Ел бейбітшілігі баянды болғай. Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесі құтты болсын. Ең бастысы, бірлігіміз бен тірлігіміз бекем болсын»-деген жылы лебізін жеткізді.



Шығармашылық кеш өтті

ҚР тәуелсіздігі 30 жылдығы аясында «Мұнайшы» мәдениет сарайында «Көк тудың желбірегені» әнінің авторы ақын, ҚР мәдениет қайраткері Алмас Сақбаевтың «Алтай, Сауыр «Адай» күйге жаңғырып» атты шығармашылық кеші өтті. Қала өнерпаздары ақын сөзіне жазылған патриоттық тақырыптағы өлеңдерді шырқап, көпшілік рухын көтеріп тастады.

«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Айтқали Бәшенов қадірлі жанды мерейлі 60 жасымен құттықтап компания атынан шапан жауып, бас директор Есен Өтеевтің атынан адресат тапсырды. «Қанына өлең сіңген адамның рухы биік, жаны да таза. Сіздің жырыңыз ұрпақ бойына тазалықтың, адамгершіліктің асыл нәрін егетін құнды мұра екені сөзсіз. Сіз жазып жүрген дүние оқырман жанын нұрға, тәнін рахатқа бөлеп, санаға сілкініс тудырады. Сіздің сөзіңізге жазылған бір ғана «Көк тудың желбірегені» әні адам жан-дүниесін асқақтатып, самғатып көкке ұшырып, алпыс екі тамырыңды иітеді. Ата-бабалар аманат еткен ұлан-ғайыр даланы аман сақтау, ең алдымен, жас буынға артылатын зор үміт-кейінгі ұрпақ тәуелсіздігіміздің туын әрқашан жоғары ұстауы тиіс»-деді Айтқали Бәшенов. Кеш қонағы өз кезегінде өзіне қошемет-құрмет көрсеткен қала тұрғындарына шексіз алғысын білдірді.





Бақытты ғұмыр иесі



Жазушы Ник Вуйчич «Өзіңіздің істеріңізге өзіңіз сүйсініп қарайтындай етіп өмір сүріңіз»-деп жазыпты. Өмір сонысымен де өнегелі болары хақ. Компанияның өсіп-өркендеуі жолында еңбегімен де, іс-әрекетімен де құрметке бөленіп жүрген жандар баршылық. Сондай жанның бірегейі Ажар апаны №5 СҚКБ ұжымы жақсы біледі, құрметтейді.

Ажар Мұхамединқызы 1952 жылы 2-ақпанда Түрікменстанның Байрамалы қаласында дүниеге келген. 1966-жылы Маңғыстауға қоныс аударады. 16 жасынан еңбекке араласып, оқуын кешкі мектепте жалғастырды. Отбасының тауқыметін ерте көрді.

«Шаңырақ шағынауданында орналасқан барак үйлердің бірінде оқу орталығы болып, қыз-жігіттерді 3 ай мерзіммен оқытып, қолдарымызға оператор деген күәлік берді. Сөйтіп 16 жасымда оператор атанып, жұмысқа тұрдым. Кәмелет жасқа толмағандар толық жұмыс күнін жасамайтынына қарамастан ересектермен бірге жұмыс жасап, уақытпен санаспай түнгі кезекке де шықтық. Қызылсайдан қатынап 16,92 топтық қондырғыларда еңбек еттім. Қазіргідей автобустар жоқ, Жаңаөзен қаласына жету үшін қара жолға

шығып, қол көтеріп, кез келген көлікке мініп, қалаға жетіп қалуға тырысатынбыз. Қолымызда әр скважинадан алған мұнай құйған шөлмектерімізді күндегісін-күнде зертханаға тапсыратын едік. Кеш қалмауға тырысып, борты бар «Урал» көлігінің үстіне тақтай қойып, отырған күндеріміз де болды. Ауа райының суығына қарамастан жұмысқа ерте келетінбіз, кеш қалмайтынбыз.

Кейін Жаңаөзен қаласына қоныс аударып, отбасын құрып, бала-шағалы болып, қиын күндерді абыроймен, еңбекпен жеңе білдік. Аллаға шүкір, қазіргі таңда зейнеткермін», - дейді Ажар Өскенова.

№5 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасының мамандар бөлімінде мамандарды оқыту және даярлау инженері қызметін, өндірістік материалдармен жабдықтау бөлімінің басшысы болып еңбек етіп, қазіргі таңда зейнеткер Ажар Өскенова алғашқы еңбек жолын 1968 -жылы Өзендегі «НПУ» -да оператор қызметінен бастайды. Жұмыста абыройлы, сыйлы болды. Қарбалас жұмыстардың арасынан уақыт тауып, мекеменің қоғамдық жұмыстарына да белсене араласты. Ажар Өскенова тәрбиелік мән-мағынасы зор шараларға белсене қатысып, жоғалтқанымызды түгендеп, жастарымызды ұлтын, тілін, дінін сүйеге, қазақы нақыштағы елдік салт-дәстүріміздің дәріптеп жүрген жанның бірегейі десек артық айтқандық емес.

2006-жылы екі бірдей марапатқа ие болды. Маңғыстаудың салт-дәстүрін дәріптеп, Астана қаласына Жаңаөзен қаласының өнер ұжымымен бірге осы Ажар Өскенова да «Ару келін, Асыл әже, Абзал-ана» байқауына қатысып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп, жүлделі орын иеленгені үшін арнайы Дипломмен, қаржылай сыйлықпен марапатталды.

Сондай-ақ №5 СҚКБ басқармасының бастауыш партиясы «Отан» Республикалық Саяси партиясының төраға орынбасары болды. 2006-жылы партияның негізгі қаланғанына 7 жыл толуына байланысты және бағдарламалық міндеттері мен мақсаттарын жүзеге асырудағы белсенді еңбегі үшін де Алғыс хатқа ие болды.

Құдай қосқан жолдасы Төлекбай Өскенов те мұнайшы болды. 1963 жылы Жетібай аулында еңбек жолын бастап, Жаңаөзен қаласына қоныс аударып, №1 МГӨБ-те оператор, СҚКБ-да моторист жұмыстарын абыроймен атқарды. 49 жасында бақилыққа аттанып, өмірдің барлық қиыншылығы бір өзіне қалды. Нәзік жанды әйел заты болса да аяғына тік тұрып, ағысқа қарсы жүзіп, білекті сыбана еңбекке араласып, ұлықты ұл, қылықты қыз тәрбиелеп қатарынан кем қылмады. Қазіргі таңда 10 немере, 2 шөберенің балдай тәтті қылықтарына бөленіп отырған бақытты әже, асыл ана.

Қазақта «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген сөз бар. Шындығында, ата-ана – ұрпақ тәрбиесінің бастау бұлағы. Отбасында берілген өнеге мен айтылған ақылды бойына сіңіріп өсетін бала ата-анасының ізбасары болады. Міне, сол тұңғыш ұлы Асылбек Өскенов ата-анасының жолын қуып, майталман мұнайшы, №5 СҚКБ басқармасының тәжірибелі маманы, әкесі сияқты 6-шы дәрежелі моторист, «Үздік маман» байқауының жеңімпазы.

70 жасқа таяп қалған Ажар анамыз 40 жылға жуық ғұмырын мұнай саласының



өсіп-өркендеуі, гүлденуі жолына арнаған екен.

«Қазір жұмыс көп жеңілдеді. Жаңа техника, қосымша құрал-саймандар жеткілікті, арнайы киімдері, ыстық тағамдары дайын. Тек бірлікті, татулықта еңбек ету керек», - деп Ажар апа мұнайшы жастарға да ақыл-



кеңесін, оларға жағдай жасап отырған басқарма басшыларына да алғысын жеткізуді ұмытпады.

Біз де өз тарапымыздан басқарма, қоғам игілігі үшін абыройлы еңбек еткен, қарапайым да ұстамды, өмірден көргені мен түйгені көп Ажар апаға алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Айнагүл Күшікбай





БАЛАҚАЙДА ЖЕТІНШІ БАЛАНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ



«Балақай» оңалту орталығында 1 жас 8 айға толған «атоника-астатикалық түрдегі ДЦП» диагнозымен тіркелген Әлихан Жамбыл атты жетінші баланың тұсауы кесілді. Бұл жолы тұсау кесу құрметіне №2 МГӨБ директоры Мереке Құлбеков ие болды. Шараға «Өзенмұнайгаз» АҚ кәсіподақ төрағасы Наурыз Сақтағанов қатысты. Ел азаматтары қуаныш иелеріне игі тілектерін білдірді.

Орталықтың білікті дәрігерлері еңбегі нәтижесінде

бастапқыда бойын ұстаған Әлихан уақыт өте келе еңбектеп, бүгін жерді нық басып, аяғына тұрды. Невропатолог Фатима Таһирқызының айтуынша, алдағы уақытта Әлиханнан «жаман» диагноздың алынуы бек ықтимал.

Баласы ауырғанда күйзеліске түскен шешесі Жанар Нұрлыбаева тәй-тәй басқан құлыншағын көріп, көзіне жас алды.. «Өзенмұнайгаздықтар «Балақай» оңалту орталығын ашып, елдің жақсылыққа деген сенімін оятты. Жақсылық жасау арқылы қоғамды өзгертуге болатынын

дәлелдеді»-деді баланың анасы.

Адамдардың бір-біріне мейірі түсіп, жылы қарым-қатынас орнағанда қоғамның өзі жайлы бола бастайды... Бала кезінде елінен қамқорлық көрген баладан елі мен жерін ойлайтын патриот азамат өсіп шығатынына күмән болмасын!

Оңалту орталығы жұмысы тоқтап қалмауы үшін жалақыларынан ай сайын тиісті шотқа ерікті түрде жарна аударып жүрген мұнайшыларға Алланың нұры жаусын!!!



«Балақай» оңалту орталығында сегізінші баланың тұсауы кесілді

«ЗПМР» диагнозы қойылған Айдын Асқардың тұсауын ӨЭМБ директоры Қуандық Еділов кесті. Салтанатты шараға аталмыш басқарма кәсіподақ төрағасы Сырлыбай Ерленов пен Арықбай Мәденов, Нұрсұлтан Худибәев, Өтесін Мұрат сынды басқарма жігіт ағалары қатысып, игі лебіздерін білдірді. ӨЭМБ ұжымы Айдынға пульспен жүретін ойыншық машина сыйлады. Айдынның анасы Әсемей Оразәлиева орталық демеушісі мұнайшыларға, орталық мамандарына шексіз алғыс айтты.

«Қайырымдылық жасап, көмек қолын күткен әрбір жан жүрегіне жылылық ұялатып, өмірге деген құштарлығын оятып жүрген өзенмұнайгаздықтарға өте ризамын. Болашағымыз бақытты болсын десек, бір-бірімізге қолдан келер қамқорлығымызды аямайық», - деді бақытты ана. Шара соңында «Балақайдың» директоры Фатима Кенғанова қонақтарды орталық тыныс-тіршілігімен таныстырды.





«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



Өзен 5

№11 (68) қараша 2021 жыл

«Балақайда» тоғызыншы және оныншы баланың тұсауы кесілді



«Балақай» оңалту орталығында Ақылбек Қуандық пен Асылым Халдурды есімді екі баланың тұсауы кесілді. «ДЦП әлсіз гимеплегия» диагнозы қойылған Ақылбектің тұсауын №3 МГӨБ директоры Жеңісбек Сүлейменов, ал Асылымның тұсауын №4 МГӨБ, СЖАЖЦ база шебері Қадырбек Нұрмағамбетов кесті. Аталмыш басқарма кәсіподақ төрағалары Валерий Қаржаубаев, Ибайдулла Әмеловтер құттықтау сөз сөйлеп, балдырғандарға ақ жол тіледі. Салтанатты шараның жоғары деңгейде ұйымдастырылуына Шалқар Нұрлыбаева мен Талғат Тұрарбеков басшылық ететін №3,4 МГӨБ әлеуметтік әкімшілік қамтамасыз ету бөлімі қызметкерлерінің қосқан үлесі зор екенін айта кеткен жөн. Балапандарға көптеген ойыншықтар берілді. Жақсылық-адамдарды жақындастырып, тіпті достастырды. Қамкөңіл жандарға қайырымдылық жасаған сайын Алладан да көмек болатынын ұмытпайық!





Жас мамандар Отпанға барды

«Өзенмұнайгаз» АҚ-на жұмысқа кірген жас мамандар 2007-жылы ашылған Отпан тарихи-мәдени кешеніне саяхатқа шықты. «Жеті атасын білген жеті рудың қамын жер» демекші, олар Адай ұрпақтарының аты мен рулық шежірелерімен танысты. Жастармен бірге жүрген шетпелік Нақуа ақсақал Адай жұртының Адай-Атаға кесене салудағы түпкі мақсаты-Қазақ елінің, жерінің тұтастығын сақтап қалуға бағытталған ізгі ниеттен туған әрекет екендігіне тоқталып өтті. «Адай Атамыздың рухы ұрпақтан-ұрпаққа күш-жігер беріп келе жатқан көрінбейтін тылсым күш.»-деді ақсақал.

Тепсе темір үзетін жігіттер арқан тартудан, асық атудан, ләңгі тебуден өзара жарысып, жеңімпаздар ақшалай сыйлықпен және Дипломмен марапатталды. Саяхат өте әсерлі әрі тартымды өтті.



Жас мамандар экспедицияға қатысты

«Өзенмұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесі «Бабалар жүрген ізбенен» атты экспедиция ұйымдастырды. Аталған шараға негізінен жақында компанияға қабылданған жас мамандар қамтылды. Маршрут Қараман Ата қорымынан басталып, Ыбықты сай шатқалымен аяқталды.

Экспедиция мақсаты: компанияға қабылданған әрбір жас маманға топырағынан сүт аңқыған туған жердің қадірін ұқтыру. «Бұл даланы анам жаспен суарған, бұл далада атам қолға ту алған»-деп Қасым ақын жырлағандай, саяхатқа шыққан әрбір азамат туған жердің әр түп жусаны да, қожыр тасы да қымбат екенін түсінді. «Өзенмұнайгаз»

АҚ жастар саясатын әрдайым назарда ұстап, олардың толыққанды қалыптасуына барлық жағынан тиісінше қолдау білдіріп келеді. Біздің компанияда әр адамның пікірі маңызды, қызықты. Мұндай шараның жиі өткізіліп тұруы-компаниядағы ішкі коммуникацияны реттеуге зор үлес қосатыны сөзсіз. Біз үшін еңбек ұжымындағы ауызбіршілік пен тыныштық маңызды. «Бабалар жүрген ізбенен» экспедициясына қатысқан жас мамандар Маңғыстаудың арғы-бергі тарихынан сыр шертетін тарихи орындарды аралап, көп нәрсені көңілге буып, көкірекке түйіп қайтты деп есептеймін»-деді бас директорының мемлекеттік органдармен байланыс және әлеуметтік жобаларды басқару жөніндегі орынбасары Бауыржан Мәмбетсапаев.





Қаланың шағын ас үйінде үш адам отыр. Әке-шешесі және ажырасамын деп төркініне екі баласын жетектеп келіп отырған 30 жасар келіншек. Үшеуі қиын жұмбақты шеше алмай отырған сияқты. Ойланып отыр...

Біраздан соң әкесінің жүрегі сыр берді...Жібек орнынан ұшып тұрып, корвалол ішкізді. Дәрінің пайдасы тиді. Шалдың жүйкесін тыныштандырды.

«Ажырасқанда тұрған не бар, құдайым-ай қазір кім ажыраспай жатыр...»-деп ойлады ішінен Жібек.

Шешесін өмірдің күйбеңі әбден қартайтыпты. Тышқан тірлік кемпірді жеңіп, тұралатыпты. Шашы құдай болып, бетіне өрмекшінің торындай әжім түсіпті. Кішкентай кезінде қараңғыдан қорқып, шешесін құшақтап жатып ұйықтайтыны есіне түсіп, Жібектің көңлі босады.

Кәрі шешесінің теледидардан көрсетілетін сериалды жібермей көретініне Жібек таң қалады. Бәлкім босқа уақыт өлтіру үшін қарайтын шығар, бәлкім өзінде жоқты кинодан тауып, бос қиялға берілу үшін қарайтын болар... Әйтеуір, қашан келсең де кішкентай жәшікке телміріп отырғаны... Өз мәселесі жоқтай сериалдағы кейіпкерлердің тағдырына алаңдап отыратын шешесіне қарап отырып Жібек не жыларын, не күлерін білмей дал болады...

Өзіне еріп келген 2 баласы қолдарындағы телефонға үңіліп отыр... Дүние өртеніп кететін болса да шаруалары жоқ. Қазір өздерінің тағдыры шешіліп жатқанынан бейхабар...

Шешесі өмір-бақи өзінен үнемдеп, әдемі ыдыстарды да сервантқа жинап, ұстатпай, тәуір матаны жарқыратып үстіне ілмей сандыққа жинап...айналғанда бәрі модадан қалып, жарамсыз болып қалды. Жібек оқушы кезінде серванттағы ыдыстарға қызыға қарап «шіркін, осы ыдыстармен тамақ ішсем ғой»-деп армандаушы еді... Жақсы ыдыспен тамақ ішудің өзі де бір ғанибет екенін түсінбеген шешесіне не дауа?!

Өткенде інісінің балалары жылдар бойы сервантта тұрып сарғайған ыдыстарға құм құйып ойнап жүргенін көріп, іші удай ашыды. Балаларына «ойнасын»

Жібек (әңгіме)



деп шешесінің сарымайдай сақтаған ыдыстарын үлестіріп берген келінінің жарыместігіне жыны келді. Қияли келіні соңғы кезде «арықтауым керек» деп қуырылған тамаққа жоламай, сәбіз жеп, капуста жеп, адамның нервісіне тиіп-ақ жүр. Өзі жолап кеткен адамға кенедей жабысып, самбырлап сөйлейді де отырады. Жібек «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп сөйлей беретін келіне қарап отырып, энергияны қайдан алады деп таңқалады. Тіпті көршілері оған радио деп ат та қойып алыпты... Ал керек болса...

«Балаларыңды тірі жетім ете көрме»-деген шешесінің жалынышты үні келіншектің ойын бөліп жіберді...Шеше көзіне тіке қарауға дәті бармай, басын бұрып әкеткен Жібекке орындыққа жайғасқан мысық та күстәналай қарағандай көрініп кетті...

Жібек жер бетіндегі ең жақын адамдары әке-шешесіне корректор болып жұмыс жасайтын жалақысының мардымсыз екенін

айтпақшы болып еді...Ол ол ма байының «шығармашылық кризис» деп 2 жылдан бері диванда жатып алып, жамбасы шіріп түсіп қалатын уақыт болғанын айтпақшы болған... Басына тартса аяғына, аяғына тартса басына жетпейтін азғантай жалақысына әкелген тамақты шөп оратын комбайнша жалмап жей беретін намыссыз еркектен әбден шаршады. Тіпті соңғы кезде диванына жаны ашып жүр.

Сабазың тамақ талғамайды, біреу тартып алатындай көзіне көрінгеннің бәрін аузына бұралақтатып тығып жатқаны...

Көп ұзамай өзінің де «ақ тауықтың қанындай» алау жүзіне әжім түсетіні-көңілге қаяу ұялатады. Байының «әні жұмысқа кіремін, міне жұмысқа кіремін»-деген ұзақ сонар сөзіне сенім аз, күдік көп...Қарап отырмай көрші пенсіде жатқан шалға мықтымсып «өзіміздің бітірген түгіміз жоқ, диванда жатып үкіметті сынап, қала берді көршінің қалтасын санағаннан басқа...»-деп сөйлеп, қар-қарқ күлетінін қайтерсің...

Өткенде «такси болып, ақшаны күреп табамын» деп, қоймай жүріп кредитке көлік алдыртып, енді әлгі мәшін көксау адам сияқты есік алдында жатыр... Ремонтна ақша жоқ... Ақша табатын байдың жатысы анау... Ызындап сөйлеп, адамның жүйкесін тоздырады... Телевизор болса, өшіріп тастар еді-ау...

Байы екеуі ит пен мысықтай... жақындап кетсе, керіседі... тіпті төбелеседі... Өзі күні бойы орманды кезіп жүретін қоян сияқты, құйрығы бір жер иіскемейді... Кредитті төлеу үшін колледж жатақханасына еден жуушы болып орналасып еді... Студенттердің нәйістігіне жағасын ұстап, жұмыстан қашып құтылғандай болды...Шырттай болып киініп алған олар қоқысты тиісті жәшікке апаруды қиынсынып, подъезге тастап кетеді... Талаптары шашу, төгу, бүлдіру...

Осының бәрін әке-шешесіне айттып, мұңын шағып, мұсалдат байдан ат құйрығын үзіспекші болған Жібекті түсінетін әке-шеше болмады...

Кешке қарай көңілсіз келіншек екі баласын жетектеп, үйіне қайтты...Қызын ақылға салғанына қуанған шал мен кемпір жеңіл күрсініп, ұйқыға жатты...

Бибігүл Бөбекбай





№11 (68) қараша 2021 жыл



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



ҚҰТТЫҚТАУ



**Құрметті Үсембай Аханұлы,
Озғанбай Чалкарбайұлы, Құрбан Мыңтұрғанұлы,
Қалдығожа Завханұлы, Бердыбай Әбділғараұлы!**

Сіздерді 63 жасқа толған туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Еңбектеріңіз еленіп құрметті демалысқа шыққан қуанышты күндеріңіз де құтты болсын!

40 жылға жуық еңбек өтіліңізде талай белестерді бағындырып, ұжымдастарыңыз бен достарыңыздың құрметіне бөленіп,

Өзен мұнайының дамуына зор үлес қосып жүрген Сіздердің өмір жолыңыз нағыз майталман маманның, қамқоршы әкенің, абзал азаматтың өнегесі екені сөзсіз.

Біздер Өздеріңіз сияқты білімді, білікті, тәжірибелі, кісілігі мен кішілігі қатар жүретін азаматтармен әріптес болғанымызға өте қуаныштымыз. Дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық, өміріңізге береке, көңілдеріңізге мереке тілей отырып, ұзақ әрі бақытты ғұмыр кешіңіздер деген тілек айтамыз.

**Ігі тілекпен,
№1 СҚКБ еңбек ұжымы**



Қоғам айнасы

Кино-адамды өзгертеді



Назарыңызға ирандық режиссер Маджид Маджидидің «Көк әлемінің балалары» фильмін ұсынамыз. Картинада бір отбасының ауыр тұрмыс-тіршілігі бейнеленеді. Балалардың әкесі де шешесі де бар. Әйтсе де тапқан айлығы шайлығына жетпейді. Күнделікті нан-суы мен дәрі-дәрмегінен артылмайды... Үшінші сыныпта оқитын Әли қарындасының аяқ киімін жөндетуге апарып, қайтар жолда жоғалтып алады. Қайтпек керек? Әкелеріне айтса ашуланары, шешелеріне айтса күрсінері хақ. Балалар бұл жайлы тіс жармауға бекінеді. Біреуі таңғы ауысымда, екіншісі түскі ауысымда оқитын екі бала бір аяқ киіммен сабаққа баруға мәжбүр болады. Мектеп пен үйдің арасында жүрген балалардың өмір үшін күресін көзге жас алмай көру мүмкін емес...

Фильм адамды тәубесіне түсіреді. Қолда барды бағалауды үйретеді. Көріңіз, өкінбейсіз!



Рухани азық

Кітап — адамды өзгертеді

**Сайын Мұратбеков
(1936-2007)**



Сайын Мұратбеков-қайталап оқылатын жазушы. Оның «Жабайы алмасындағы» соғыс уақытындағы балалардың бәрінің тағдыры бірдей болды. Көкелері соғыстан қайтпады, жалғыз шешенің бейнетімен ержетті... Жабайы алманың қышқыл дәмінің астарында өмірдің өзі жатыр...

Жазушының «Қылау» әңгімесінің кейіпкері Сатайдың образы кәдімгі ауыл баласының бейнесі. Сатайдың тәтті ұйқысын қимауы... әкенің қылқылдап баласын оятуы-бәрі таныс көрініс.

Сайын кейіпкерлерінің бойында үміт, сенім, ертеңге деген ұмтылыс бар...

Оқыңыз, өкінбейсіз!



* Оймақтай ой

**«Әйел затын, жалпы,
нәзік деп атайды ғой.
Бос сөз. Мықтының ең
мықтысы, көнбістің ең
көнбісі әйелдер екеніне
мен кіммен де дауласуға
бармын».**

**Бердібек
Соқпақбаев**

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінде есепке алынып, №15077-Г куәлігі берілген



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Меншік иесі: «Өзенмұнайгаз» АҚ
Редакция мекен-жайы:
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ.,
Сәтбаев көш, 3-үй, 426-кабинет

Жобаның жетекшісі
Жұртшылықпен байланыс департаменті
Бас редактор **Бибігүл Бөбекбай**
Пошталық мекен-жай: Psdso@umg.kmgp.kz
Журналист **Айнагүл Күшікбай**
Пошталық мекен-жай: zhzh-zhurnal@mail.ru
Сарша Сүгірәлі, gauhar.kenshilik@gmail.com

«АртДизайн» ЖШС
баспаханасында басылып шығарылды
130000, Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы 17 ша,
«Дукат» ғимараты, 1-мұнара, 0/3 кеңсе
Тел: +7 (7292) 525-500
Таралымы: 3000 дана
Газет 2016 жылдың тамыз айынан шыға бастады
айына бір рет шығады



<https://www.facebook.com/OzenMunayGaz/>